

## **Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы**

Абай облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 426 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 желтоқсанда № 31376 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңы 31 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңы 27 бабына сәйкес, Көкпекті ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) Көкпекті ауданы әкімдігінің "Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" 2017 жылғы 18 мамырдағы № 131 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5056 болып тіркелген);

2) Көкпекті ауданы әкімдігінің "Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" Көкпекті ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 8 мамырдағы № 131 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2020 жылғы 20 шілдедегі № 248 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7384 болып тіркелген)

3. "Абай облысы Көкпекті ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Көкпекті ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Абай облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау Абай облысы Көкпекті ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы**

№	Елді мекен атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
1.	Көкпекті ауылы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Абай облысы Көкпекті ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында, "Абай облысы Көкпекті ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Бос уақыт орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимараты жанында, Абай облысы білім басқармасының Көкпекті ауданы білім бөлімінің "Көкпекті орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты жанында
2.	Ұзынбұлақ ауылы	ауылдық клуб ғимаратының жанында
3.	Ажа ауылы	Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының "Көкпекті аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Ажа ауылының медициналық пункт ғимаратының жанында
4.	Шәріптоғай ауылы	Абай облысы білім басқармасының Көкпекті ауданы білім бөлімінің "Шәріптоғай негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанында.
5.	Толағай ауылы	Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының "Көкпекті аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Толағай

		ауылының медициналық пункт ғимаратының жанында
6.	Преображенка ауылы	мәдениет үйі ғимаратының жанында
7.	Черноярка ауылы	Черноярка ауылының бұрынғы ауылдық клуб ғимаратының жанында
8.	Үкіліқыз ауылы	Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының "Көкпекті аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Үкіліқыз ауылының медициналық пункт ғимаратының жанында
9.	Үлкенбөкен ауылы	Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының "Көкпекті аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Үлкенбөкен ауылының дәрігерлік амбулатория ғимаратының жанында
10.	Жансары ауылы	Жансары ауылының бұрынғы мектеп ғимаратының жанында
11.	Ақтас ауылы	Ақтас ауылының бұрынғы мектеп ғимаратының жанында
12.	Шұғылбай ауылы	Абай облысы білім басқармасының Көкпекті ауданы білім бөлімінің "І.Жансүгіров атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанында, Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының "Көкпекті аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Шұғылбай ауылының медициналық пункт ғимаратының жанында
13.	Мелитополь ауылы	Мелитополь ауылының бұрынғы медициналық пункт ғимаратының жанында
14.	Үлгілімалшы ауылы	ауылдық клуб ғимаратының жанында
15.	Мамай ауылы	Абай облысы білім басқармасының Көкпекті ауданы білім бөлімінің "Амангелді

		атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіжанында.
16.	Нұра ауылы	Нұра ауылының бұрынғы мектеп ғимаратының жанында
17.	Сүлеймен ауылы	Сүлеймен ауылының бұрынғы мектеп ғимаратының жанында
18.	Тассай ауылы	Абай облысы білім басқармасының Көкпекті ауданы білім бөлімінің "Әуезов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанында, Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының "Көкпекті аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Тассай ауылының дәрігерлік амбулатория ғимараттарының жанында
19.	Қайнар ауылы	Қайнар ауылының бұрынғы мектеп ғимаратының жанында
20.	Ақсу ауылы	Ақсу ауылының бұрынғы мектеп ғимаратының жанында
21.	Үшкөмей ауылы	Абай облысы білім басқармасының Көкпекті ауданы білім бөлімінің "Үшкөмей бастауыш шағын жинақты мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанында.
22.	Теректі ауылы	ауылдық клуб ғимаратының жанында, Абай облысы білім басқармасының Көкпекті ауданы білім бөлімінің "Қ.Аухадиев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанында
23.	Көкжайық ауылы	ауылдық клуб ғимаратының жанында
24.	Ақ-ой ауылы	Абай облысы білім басқармасының Көкпекті ауданы білім бөлімінің "А.С.Пушкин атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанында
25.	Қарамойыл ауылы	ауылдық клуб ғимаратының жанында.
26.	Қарағандыкөл ауылы	Қарағандыкөл ауылының бұрынғы ауылдық клуб ғимаратының жанында

27.	Биғаш ауылы	Абай облысы білім басқармасының Көкпекті ауданы білім бөлімінің "Биғаш негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанында, ауылдық клуб ғимаратының жанында
28.	Егінбұлақ ауылы	ауылдық клуб ғимаратының жанында

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК